

Н.Ә.НАЗАРБАЕВҚА "Халық Қаһарманы" атағын беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 1 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 1-бабына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес тәуелсіз Қазақстанды орнатудағы тарихи үлесі, елімізді экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы, қазақстандық қоғамды топтастырудағы аса үздік еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВҚА жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – "Халық Қаһарманы" атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және "Отан" ордені тапсырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.ТОҚАЕВ